

ЖШС «Жас Дарын» бастауыш мектебі

# АШЫҚ сабақтың Хаттамасы

Тақырыбы: Дыбыстық талдаулар. Ч дыбысы.

Сыныбы: 0 «Б»


Сынып жетекшісі: Шалдыбаева А.

2024-2025 жыл

19.02.2025 жылы 0 «Б» сыныбында Шалдыбай Айман, сауат ашу пәнінен «Дыбыстық талдау Ч дыбысы» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақтың басы, сыныпта психологиялық ахуал тудырудан басталды. Оқушылар бір-бірінің қолынан ұстап шаттық шеңбер айтып, бүгінгі сабаққа сәттілік тіледі. Сонымен, мұғалім өткен сабақты қайталап және тақтадағы көрнекіліктер арқылы оқушыларға жаңа сабақтың тақырыбын ашуға ой салды. Одан әрі, жаңа сабақты оқушыларға көрнекіліктерді пайдаланып түсіндірді. Оқушылар дәптер мен жұмыс жасады. Оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында, сергі сәті ұйымдастырылды. Ары қарай, оқушыларға өз бетінше тапсырмалар орындауға берілді. Оқушылар сабаққа жақсы қатысты, және сабақ соңында кері байланыс жасады.







Сауат ашу негіздері.

Сабактың тақырыбы: Дыбыстық талдау. Ч дыбысы.

Мақсаты: - Картиналы суреттер арқылы дыбыстық талдау жасау .Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру;

-дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту;

-мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Сөздерді буынға бөле алады.Дыбыстық талдау жасай алады.

Құндылықтар: Жасампаздық және жаңашылдық айы Біртұтас тәрбие:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу

Апта дәйексөзі: Өнерлі бала өрге жүзер

1-тапсырма: Суреттерді ата. Дыбыстық талдау жаса.

2- тапсырма

Чипси, Чемодан, Чемпион, Чек сөздеріне дыбыстық талдау жасау.